

Қоғалы ауылдық округі аумағында қой-ешкі малдарынан сарып жұқпалы аурулары пайда болуы себепті шектеу іс-шараларын енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 12 шілдедегі N 1085 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаменті Шиелі ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 18 тамызда N 10-9-128 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 27 қазандағы N 1188 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2010.10.27 N 1188 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 18) тармақшасын және 2002 жылғы 1 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10 бабының 2 тармағының 9) тармақшасын басшылыққа ала отырып аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғалы ауылдық округі аумағында қой-ешкі малдарынан сарып жұқпалы аурулары пайда болуы себепті карантин режимі белгіленіп, шектеу іс - ш а р а л а р ы е н г і з і л с і н .

2. "Шиелі аудандық ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі (О.Ысқақов) шектеу іс-шараларын тиісті деңгейде жүзеге асыру мақсатында шараға қатысты өзге мүдделі мекемелермен тығыз байланыс орната отырып, бірлескен түрде жұ м ы с ж а с а у т а п с ы р ы л с ы н .

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Т. Ж а ғ ы п б а р о в қ а жүктелсін.

4. Қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Нәлібаев